

І ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПАНЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

20 сентябрь Сенбі || Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйым.

Электрлендіру саласында халық шаруашылығының электр қуаты жөніндегі өсіп отырған тілектерін және халықтың тұрмыс мұқтаждарын неғұрлым толық қанағаттандыру және энергетика системаларында резервті молайту мақсатымен электр станцияларының қуатын күшті қарқынмен арттыру қамтамасыз етілсін.

Бесжылдықтың ішінде электр станцияларының жалпы қуаты, шамамен, екі есе, ал су электр станцияларының қуаты үш есе арттырылсын. (БН(б)П Орталық Комитетінің „Партияның XIX-съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының“ жобасынан).

дің
ді

де бірдей ауыл-
листік жарыста
рындауда ойдағы-
ден айта алмай-
ыны жоқ. 1952
ындағы қорытын-
селолық Советтер-
та қабылданған
асыруы мүлде
көрсетті. Мыса-
Аманкелді ауыл-
тардың үйдеуің
абылдан, колхоз-
сында мардымд
өветтің тұрақты
тапсырылған жү-
мүлде көл үзген.
турса да, Совет
іелі Мұқажанов
стерге төзіп отыр-
ұндай қанағаттан-
ауылдық-селолық
бар.
ық-селолық және
ерінің жұмысын-
у жойып, жер-
убликалық со-
д екінші жарты
дысында өзін
керек. Бұл мақ-
ымен, Советтердің

Коммунизмнің ұлы құрылыстары —бүкілхалықтық іс

★ ОТАННЫҢ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙМЫЗ ★

ССРО Министрлер Советінің «Днепр өзенінде Каховка су электр станциясы Оңтүстік Украина каналы, Солтүстік — Қырым каналы салу туралы және Украинаның Оңтүстік аудандары мен Қырымның Солтүстік аудандарының жерін суару туралы» қаулысының жарияланғанына екі жыл толды.

Совет халқы бұл тарихи қаулыны аса қанағаттанғандықпен қарсы алды. Партияның, данышпан көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдастың еркі бойынша, Днепрдің суы еліміздің Оңтүстігінің қуаң аудандарын молшылыққа кенелген өлкеге айналдырады.

Бүкіл еліміздің құрылысқа көрсетіп отырған орасан зор көмегі партия мен үкметтің Каховка су электр станциясына зор маңыз беретінін дәлелдейді. Мұның өзі партияның XIX съезінің ССРО халық шаруашылығын өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасында да айқын көрінді.

Коммунизм жолында алға басушы Отаньмызды онан сайын өркендетудің тамаша келешегімен жігерленген Каховка су

мыстары орындалды. Көмекші кәсіпорындар құрылысы аяқталып келеді.

Жаңа Каховкада 400-ге жуық бір қабат және екі қабат үйлер салынды, бұлардың жалпы көлемі 40 мың шаршы метрден асады. Мұнда жазғы театр, емхана, мектептер, балалар бақшасы, магазиндер, тігін және жөндеу мастеркойлары, су станциясы, стадион салынып, іске қосылды. Мәдениет сарайы, аурухананың ең үлкен көрікті үйі, нан заводы және басқа көп үйлер жыл аяғына дейін салынып болады. Көшелерге, тротуарларға асфальт төселуде, қаланың ішінде және айналасында ағаш өсірілуде.

Өткен екі жылдың ішінде 171 километр темір жол, оның Федоровка, Каховка темір жолы, жүктерді іріктейтін темір жол станциясы, кеме тоқтайтын орындар салынды. Электр қуатын беретін жолдардың, оның ішінде Кривойрогтен Каховкаға дейінгі электр жолының жалпы ұзындығы 200 километрге жуықтайды. Жөндеу-механика заводы, үлкен автобаза, негізгі төрт бетон заводының бірі — асфальт-бетон заводы салынды. Темірбетон бұйымдар заводы, жөндеу-механи-

Құрылыста тамаша адамдар армиясы өсіп жетілді. Экскаваторшы Баденков жолдас, скреперші Нечаяев жолдас, бульдозерші Мастеров жолдас, тас қалаушы Рязанов жолдас, шофер Калисецкий жолдас, инженерлер Шабалин және Георгиев жолдастар сыяқты жаңашылдардың және басқа сондай жүздеген адамдардың есімдері жалпы жұртқа мәлім. Скрепершілер Нечаяев және Бакаква жолдастар бастаған механизаторлардың механизмдерді неғұрлым өнімді пайдалану, жұмыстың өнімділігін олардың жобаланған қуат мөлшерінен асыру жолындағы жарысы кәзірдің өзінде тамаша нәтиже берді. Кәзіргі ұлқытта бульдозершілер норманы орта есеппен 224 процент, скрепершілер 205 процент, экскаваторшылар 144 процент орындады.

Каховка су электр станциясын бүкіл еліміз жасауда. Мұның өзі ССРО-ның 300-ден астам қаласынан келген машинашылардан жабдықтардан, материалдардан ғана емес, құрылысшылардың құрмынан да көрінеді. Сан мың құрылысшылар коллективінде барлық туысқан республикалардың өкілдері бар. Оның ішін-

Халықтық демократия елдерінде

Поляк Халық Республикасында жаңа бесжылдықта табиғатты өзгерту

ВАРШАВА, 18 сентябрь. (СОТА). Ұлттық майданның сайлау программасында жаңа бесжылдықта Польшада елдің бірқатар аудандарының бейнесін негізінен өзгертетін социализмнің ұлы құрылыстары басталатындығы атап көрсетілген.

«Трибуна люду» газетінің кешегі санында жарияланған «Өзендеріміздің табиғатын өзгерту» деген үлкен мақалада су қатынасы Министрлігінің «Гидропроект» ғылыми-зерттеу бөлімінің бастығы Тадеуш Боровы Поляк Халық Республикасында табиғатты өзгертуге байланысты орасан зор жұмыстардың жасалып жатқандығын жазады.

Мұндай жұмыстар, деп атап көрсетелі автор, ең алдымен, поляктың Висла және Вуг сыяқты өзендерінде жүргізіледі.

Кәзірдің өзінде, деп жазады автор, табиғатты өзгертудің Совет Одағында жүргізіліп отырған ұлы тақрибелеріне сүйене отырып, поляктың ірі өзендерінің табиғатын өзгерту жобаларын жасау аяқталып келеді.

Жоспар бойынша Вислада зор жұмыстар жүргізу қарастырылған. Сөйтіп, Вис-

және басқа жұмыстарды ойдағыдай жүзеге асырады. Осы сияқты, Полудень ауданындағы Ленин, Приешім ауданындағы Дзеждинск, Преснов ауданындағы Преснов, Октябрь ауданындағы Балуан, Жалтыр ауылдық-селолық және поселкелік Советтері республикалық социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін орындауда біраз табыстарға ие болды.

жұмысын ерекшеліктерінің қалауына сәйкес ұйымдастыру — Советтердің күнбе-күнгі шұғылданатын мәселелері.

Ауылдық-селолық және поселкелік Советтердің социалистік жарысына басшылықты жақсартып, колхоздар мен совхоздардың экономикасы мен мәдениетін онан әрі өркендетуде, Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемелерді орындауда жаңа табыстарға жетейік!

болған адам көзір Ключевое селосы мұндағы жерлерді танымай қалады. Днепрдің сол жақ жағалауындағы, сол сияқты, алқабындағы құрылыс алаңдарының ұзын бойы бірнеше километрге созылған. Бұл уақыттың ішінде жаңа социалистік қала — жаңа Каховка салынды, 6,5 миллион текшеметрден астам жер қазу жұ-

мыларының коллективі адамдармен тығыз ынтымақ жасай отырып, техника мен ғылымның ең жаңа табыстарының бәрін өндіріске енгізуде. Мәселен, УССР архитектор академиясы белгілеген жаңа әдіс — тұрғын үйлерді үздіксіз салудың шапшаң әдісін қолдану арқасында, жаңа Каховка қаласы қысқа мерзімде салынды.

шіліктерінің Каховка су бесжылдық құрылыс ре Олар партия нің жауапты бұрын орын

Каховка су-электр станциясының құрылысында

ЖАҢА-КАХОВКА, 17 септiябрь. (СОТА). Каховка су-электр станциясының құрылысшылары котловандарды судан құрғату жөніндегі әзірлік жұмыстарының қарқынды үдете түсуде. Су-электр станциясы құрылысшыларының бұрғылаушылар бригадасы терең 30 скважиналар даярлады. Жұмыстың қиындығына қарамастан су алып кеткен жерлердің өзінде де бұр-

ғылаушылар күнделік тапсырманы едәуір артығымен орындауда.

Монтажшылар міндеттемесін ойдағыдай орындап келеді. Олар партияның XIX съезінің ашылу күніне дейін судың ағынын төмендететін үшжарым километрлік коллекторды монтаждау жұмысын аяқтауға есеп берді. Көзірдің өзінде олар екіжарым коллекторды монтаждады.

Өскемен су-электр станциясы құрылысында

ӨСКЕМЕН, 17 септiябрь. (СОТА). Бетон құю жұмыстарында, шлюз жабықтарында, су-электр станциясының үйінде: «Су-электр станциясы торабының құрылысшылары, партияның XIX съезін жаңа өндірістік табыстармен қарсы алайық, үкімет тағайындаған мерзімде сталиндік бесінші бесжылдықтың жаңа құрылысын аяқтаймыз, сөйтіп, туған мемлекетіміздің энергетикалық қуатын арттыра берейік!» деген жазулар анадайдан көз тарталы.

Өскемен су-электр станциясы құрылысшыларының көп мыңдаған жұмысшылар коллективі Ертіс жағасында жасампаз еңбекті күні-түні жүргізуде. Кеше бөгет құрылысында жұмыс істеп жүрген Иван Власковтың бригадасы тапсырысты бір-

жарым есе орындады. Өскемен су-электр станциясының әрбір екі құрылысшысының бірі өзінің сменалық тапсырмасын 200—250 процент өтіп, артығымен орындауда. Бөптеген стахановшылар партияның XIX съезі құрметіндегі вахтаны өкілу норманы орындаумен атап өтуде.


Еліміздің барлық аудандарынан материалдар мен жабықтар тиелген машиналар құрылысқа қарай ағылуда. Мәскеаның, Ленинградтың, Орал мен Сибирьдің, Украинаның елуден астам заводтары Ертіс жағасында құрылысқа керекті құрылыс материалдарын жеткізуде. Кеше Браматорскдан қуатты кран үшін машина келін түсті.

ҚАЛАЛАР МЕН ЖҰМЫСШЫ ПОСЕЛКЕЛЕРІНДЕГІ ЖЕКЕ МЕНШІКТІ ҚҰРЫЛЫСТАР

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Қызылорда машина-экскаватор станциясының қызметкерлері Лаврухин, Байсутаев, Байгереңов өздерінің жеке меншіктеріне салған үйлеріне кірді.

Аралдың бөптеген жұкшілері, теңізшіле-

рі, сульфатшылары, кеме жөндеушілері өз меншіктеріне жақсы жаңа үйлер салып алды. Қазалыда жеке меншікті он үй салынды. Быйыл облыстың қалалары мен жұмысшы поселкелерінде барлығы жүздеген адам өз меншіктеріне үй салып алды.



Мәскеу. Ленин тауларындағы Мәскеу қаласының Мемлекеттік Университетінің зәулім биік үйлері. Суретті түсірген Э. Евзерихин.

ЖЕҢІС

аса зор сыяқты, оның жұмыс-маушылығын бұзуы айналу

Ленин председатели уақытта председатели

Нұрғмановның ғана пікірде болды. Ал,

андық партияға тиеді. Мү-

оғам мүдден айырылған талап

уі фактіеі да бар, оның бастығы қызметке

күл көргендері істеріне ым жасап,

көшілігін өзгiсi келтiрiсi жолдасты болды. Ал,

ауыш партия төрешілігінің коммуни-

шық мойын жолдас, — большевиктің түркемедеуші-

н тайсақ- Сондықтан ағы болсын

Партияның XIX съезінің директивалары талқылануда

ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ). Қазақ металлургия заводында бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі партияның XIX съезі директиваларының және партияның өзгертілген Уставының жобасын талқылауға арналған партия жыйналысы болды.

—Теміртау металлургиягері, — деді жыйналыста завод директоры Бақет жолдас, — партияның XIX съезі құрметіндегі социалистік жарыстың инициаторы болды және съезд ашылатын күнге дейін жоспардан тыс 11 мың тонна болат, 15 мың тонна прокат беруге міндеттенді. Бұл біздің партия ұсынған коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін іс жүзінде жүзеге асыру жолындағы алғашқы адымымыз.

Бақет жолдас директивалардың бірінші тарауының 4-ші пунктін «...металлургия өнеркәсібін Закавказье аудандарында да оған ері өркендеуі қамтамасыз етілсін», кейін «Орта Азия мен Қазақстанда» деген сөздермен толықтыруды ұсынды. Бұйым өткізу бөлімінің бастығы Коломейченко партия Уставының жобасы жөнінде пікір білдірді. Ол аудандық партия комитеттері мен қалалық партия комитеттерінің мүшелерін партиядан шығару туралы мәселені шешуге бастауыш партия ұйымына право берілсін, өйткені, бастауыш партия ұйымы өз ұйымында тұратын коммунистік аудандық партия комитеті мен қалалық партия комитетінен гөрі жақсы біледі, деген ұсыныс жасады.

Мартен цехы партия ұйымының секретары Марашев жолдас Уставтың 3-параграфын «коммунистік өндірістегі лайықсыз қылықтары партия қатарында болумен сыйыспайды», деген сөздермен толықтыруды ұсынды. Партияның өзгертілген Уставының жобасын талқылауға коммунистер Дюмин, Ярмұхамедов, Сұлтанғазин, Бақияқ. Бурилов және басқалары қатысты. Жыйналыс бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі партияның XIX съезі директиваларының жобасын және партия Уставының жобасын бірауыздан мақұлдап, партия бю-

БҚ(б)П XIX съезіне өнеркәсіп пен транспортта жаңа тартулар әзірлейік

★ ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК ТЕЗ АЯҚТАЛСЫН ★

Омек темір жолының Петропавл бөлімшесі өткен жылдарға қарағанда, 1951—1952 жылдардың қысына жұмысты елеуір жақсы істеді. Бірақ, 1951—1952 жылдың қысына әзірлік кезінде кейбір шаруашылық басшылары елеулі қателіктер де жіберді. Соның салдарынан темір жол бөлімшесі поездар жүрісінің графигін орындау жөнінде саналы жұмыс істеуі қамтамасыз ете алмады. 1952 жылдың бірінші тоқсанында Петропавл. Макушино сыяқты станциялардың жұмысы нашарлап кетті. Поездарды құрастыру мен сол тавтарды бөлу жұмыстары бәсеңдеп, станцияларда құрастырылған поездарды қайтадан жұмыстаудың саны көбейе түсті. Осының салдарынан январь және февраль айларының кейбір күндерінде поездардың бөлімшеден өту жоспары 60—65 процент қана орындалды.

1951—1952 жылдардың қысына паровоз шаруашылығы да қанағаттанғысыз дәйірлікпен келді. Жөндеу жұмысының қанағаттанғысыз болғандығынан кейбір паровоздарды бақылау жұмысы көңілдегідей болмады. Бұл сыяқты елеулі көшіліктер вагон участогінің кейбір шаруашылық бөлімдерінде де байқалды.

1952 жылдың сентябрі темір жол бөлімінің шаруашылығын қысқа әзірлеуде шашуші айы болып есептелінеді. Сондықтан өткен жылы көшіліктерді еске ала отырып, қазір әрбір шаруашылық орны, әрбір шаруашылық мекеме коллектив мүшелерінің күшін қысқа әзірлікті тез уақыттың ішінде аяқтауға жұмылдыруға тиіс. Шаруашылықты қысқа әзірлеген уақытта, ең алдымен, мына жағдайлар еске алынуға тиіс: шикізаттардың қорын дөреуінде жасап, темір жол бөлімшесінің барлық шаруашылық орындарының тоқтаусыз жұмыс істеуіне керекті отын мен

таттанғысыз күйінде қалып отыр. Жұмыс көрсеткіштерінің көпшілігі орындалмай отыр. Вагон айналымы төмен, жұмыс паркінді жұмыс істеуі нашар. Поездрды жөндеу мен поездардың график бойынша станция арқылы өткізілу соңғы уақытта нашарлап кетті. Кей уақыттарда станцияда поездардың көп уақыт тұрып қалу фактілері де кездеседі. Өткен август айының ішінде паровоз шаруашылығын пайдалану жұмысы нашарлай түскендіктен жұмыста 42 ақау жіберілді.

Пайдалану бөлімі басшыларының тарапынан бақылау мен басшылықтың жеткіліксіздігі нәтижесінде жол бойын жөндеу жұмысы өте-өте кешіктіріліп келеді. Оның үстіне техникалық тапсырысты орындаудың сапасы да нашар. Петропавл станциясының кондукторлар үшін жөндеу жұмысы көптен бері қолға алынса да, жұбір арада аяқталатын емес. Қазіргі жұмыс қарқынына қарағанда, сол сыяқты, теміржолшылардың жатақханасын жөндеу, № 6 және № 10 бақылау пункттерін жөндеу әлі толық аяқталмай отыр. Асанов, Горбунов станцияларында пештер жөндемеген, кейбір бөлмелердегі есіктер қысты күні үйдің жылылығын сақтауға жарайтын емес. Петропавл, Макушино станцияларының поезд бригадаларының тынығатын үйлерінде койкалар мен төсек-орындар жетіспейді. Ал, теміржолшыларды мәдениетті қамтуға керекті аспаптардан бірде-біреуі әлі сатылып алынбаған.

Паровоз шаруашылығын 1952—1953 жылдың қысына әзірлеу жұмысы өте ба- жүргізілгендіктен күрделі жұмыстардың мерзімінде орындалуы хауіпке ұшырап отыр. Петропавл және Макушино паровоз депосында күрделі жөндеуден өткізу үшін жоспарланған 46 жұмыстың тек қана 20-сы ғана аяқталған. Қалғандарының кейбіреулері, жөндеу жұмысы, енді ғана

бөлімі локомотив бөлімінің бастығы Сапожников, оның орынбасары Хлабыстов, паровоз депосының бастығы Поляков жолдас-тардың жөндеу жұмысын кешеуілдетіп жүргізгендігінен, жөндеу жұмысына тиісті бақылау орнатуға қатысты болып отыр.

Петропавл паровоз депосында паровоз бригадалары маман адамдармен толықтырылмаған. Осының салдарынан паровоздарды қамту жұмысында жауапсыздық туып, локомотивтерді техникалық жағынан бақылау жұмысында өрескел бұрмалаушылықтар болып отыр. Депода жөндемеген паровоздар бар, оларды көтеріп және жұлып жөндеуде көп тұрып қалуы жиі кездеседі.

Темір жол бөлімшесінің қыс жағдайында тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жол бойын, жолды қар басуынан қорғайтын қалқандарды күні бұрын әзірлеп қою жұмысы да өте көңіл аударатын шаралардың бірі бол саналады. Цветков жолдас бастық болып істейтін дистанцияның жол шаруашылығы қысқа әзірліксіз отыр.

Сол сыяқты, вагоншылардың да қысқа әзірлік қарқынын қанағаттанарлық деп айта қою қиын. Петропавл станциясының техникалық бақылау пункттерінде вагондарға керекті бөлшектердің қорын жасау, үйлерді жөндеу жұмысы әлі аяқталған жоқ.

Петропавл жол бөлімшесінің партия ұйымы мен шаруашылық басшылары шикізаттар мен отынның қорын жеткілікті мөлшерде жасап алуды қамтамасыз етуге тиіс. Мұнымен қатар, поездардың жүруіне тікелей байланысты мамандарды даярлау жұмысын жақсартып, паровоз және поезд бригадаларының мәдениетті түрде жұмыс алуы үшін барлық жағдайды жасау керек.

Сталинград облыстық партия конференциясы

СТАЛИНГРАД, 18 сентябрь. (СОТА). БК(б)П XIX съезіне арналған материалдар мен облыстық партия комитетінің есебін талқылаған облыстық партия конференциясы делегаттардың үлкен белсенділік көрсетуімен идеялық-саяси жоғары дәрежеде өтті.

Облыстың партия ұйымы партияның XIX съезін шаруашылық және мәдени құрылыстарда, табиғатты өзгертудің сталиндік жоспарын тез жүзеге асыру күресінде көрнекті табыстармен қарсы алуда.

Көптеген совет және шаруашылық ұйымдар кадрлармен нығайтылды. Облыстық комитет секретарлары мен аудандық комитеттердің бөлім меңгерушілерінің, аудандық газеттердің редакторларының МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарларының және бастауыш партия ұйымдары секретарларының семинарларын өткізді. Есең беріп отырған уақыттың ішінде колхоз партия ұйымдарына 859 секретарлары облыстық комитеттің жанындағы айлық курстардан өтті. Колхоздарға басшылық жасау жұмысына жоғары және орта дәрежелі арнаулы білімі бар жаңа адамдар келді. МТС директорларының қызметіне инженерлердің үлкен бір тобы әзірленуде.

Ұйымдастыру жұмысының жақсаруы нәтижесінде облыс коммунистері бірнеше кміын міндеттерді ойдағыдай шешуге жетісті. В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатнасы каналы пайдалануға берілді. Бұл алып құрылысты салу жұмысына бүкіл еліміз болып көмектесті. Коммунизмнің ұлы құрылыстарының бірі Сталинград су электр станциясында құрылыс жұмысы барған сайын өрістетіліп жүргізілуде. Еділ-Дон мен Сталинград су торабының бойындағы суару және суландыру жүйесінің алып құрылыстары басталды. Мемлекеттік Камышин—Сталинград ағаш қорғау алқабы жоспарда көрсетілгендегіден бес есе жылдам салынды, ондаған мың гектар жерлерге емен және

колхоз тоғайлары орнатылды, жаңадан мыңдаған су тоғандары салынды.

Сталинград құрылысшылары жүз мыңдаған шаршы метр әдемі салынған тұрғын үйлерді және ондаған мәдени-шаруашылық үйлерін пайдалануға берді.

Есең беріп отырған уақыттың ішінде колхоздар мен совхоздар, МТС мемлекеттен мыңдаған тракторлар, комбайндар, трактор плугтарын және сепкіштерді, ауыл шаруашылығының басқа да машиналары мен құралдарын алды.

Баяндамашы БК(б)П облыстық комитетінің секретары Гришин жолдас және баяндама бойынша сөйлеген делегаттар табыстарды атап көрсете келіп, партияның облыстық комитетінің жұмысындағы біраз кемшіліктердің бетін ашты. Партия жұмысының дәрежесі облыс партия ұйымдарының алдына қойылып отырған міндеттер дәрежесінен әлі де болса қалып қойып отыр. Облыстық комитет өзі шығарған қарарлардың орындалуына бақылауды на шар ұйымдастырды, басшылық қызметке жақадан жоғарматылған партия кадрлары на жеткіліксіз көмектесті. Өнеркәсіп пен ауылшаруашылық озаттарының іс тәжірибелері жеткіліксіз қорытылып, көпшілік арасына ойдағыдай таратылмады.

Конференция облыс партия ұйымының жұмысын бұрынғысынан да жақсартуға бағытталған қарар қабылдады.

Конференцияға қатысушылар бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі партияның XIX съезінің директиваларының жобасын, партияның өзгертілген Уставының жобасын бірауыздан мақұлдап, осы тарихи документтерге бірнеше ұсыныстар мен талаптырулар енгізді.

Конференция облыстық партия комитетінің жаңа құрамын тексеру комиссиясын, сол сыяқты, БК(б)П XIX съезіне делегаттар сайлады.

Делегаттар Коммунист партиясы мен совет халқының ұлы көсемі Иосиф Виссарионович Сталинге үлкен зор өрлеу үстінде құттықтау қабылдады.

«Партияның XIX съезіне біздің тартуымыз». Бұрғылау ұстаномының бұл маторын коммунист Николай Чапуриннің құрастырушылар бригадасы графикте көзделгеннен екі есе шатпаң құрастырды. Бригада кәзірдің өзінде октябрь айының есебіне өнім беруде.

Коммунист Сағи Құлбаевтың құрастырушылар бригадасы жаңқырлықпен еңбек етуде. Бұл бригада сменалық тапсырмаларын 200—220 процент орындайды.

Коммунистер токарь Пятченко, электрслесарь Ыбраев, тағы басқалары екі адамның жұмысын атқаруда. Кәсіпорында жұмысшылардың барлығы да сменалық нормаларын асыра орындайды. Машина жасаушылар сегіз айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Кеше завод жоспардан тыс жасалған жабдықтардың кезекші тобын мұнай кәсіпшіліктеріне жөнелтті.

МАҚТА ЖЫЙНАУДАҒЫ ЖАРЫС

ЛУГОВАЯ. (Жамбыл облысы). (ҚазТАГ). Луговая ауданының мақта өсірушілері партияның XIX съезі құрметіндегі стахановтық вахтаға тұрып, мақта жыйнауы қысқа мерзімде және ырапыр аяқтауға, мемлекетке мақта тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауға міндеттенді.

«Алғабас» колхозының 270 гектар богаралық жерге егілген мақтасы бар. Кәзір бұл колхозда мақта жыйнау қызу қарқынмен жүргізілуде. Коммунист Сағмола Әкімевтың бригадасы зор өрлеумен еңбек етуде. Файза Үсіпбекова мен Қашғам Қабұлбекованың жастар звеносы дағы мақта теруші комсомолдар жұмыста басқаларға үлгі көрсетуде. Олардың өркәйісы күн сайын 60—70 килограмнан мақта тереді. Терілген мақта дереу кештіріліп, дайындау пунктіне жөнелтілді.

Жамбыл атындағы Аманкелді атындағы «Қызыл ту» колхоздарында съезд қарсаңындағы жарыс барышына кеңеюде. Отанымызды жаңа өндірістік табыстармен қуантуға ұмтылған әрбір мақташы бір маусымда кем дегенде 7 тоннадан мақта теру үшін күресуде.

елеулі үлес қосты. Көзлов жолдас басқарған участоктің жаңалық тапқыштары машиналардың техникалық жұмысын жетілдіре беру ісіне көп жаңалықтар енгізді.

ғын күшейте түберлердің еңбек жағдай жасады. миссия арқылы

СЕРТ

Партияның XIX съезіне әзірлік күндерінде қала кәсіпорындарында бұрын сонды болмаған еңбек өрлеуі келінен өріс алуда.

ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарының директиваларымен таныса келіп, кәсіпорындарының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері съезд алдындағы стахановтық вахта-

ға тұрды. Олардігін еселеп арт жетуде.

Жергілікті өн 9 айдың жоспарінінен бұрын өріе болды. Жұмыштығарылған өн



* * *

Партияның XIX съезінің құрметіндегі социалист қала кәсіпорындарында барған сайын өрістей түс
СУРЕТТЕ: 1. «Комсомолка» фабрикасының бри
Ющенко жолдастың шебер В. Гашенова тіккен ки
сын байқап тұрған кезі. 2. Шойын құю-таразы зав
талл өндеушісі А. Кузнецовтың жұмыс істеп тұ

Суретті түсірген А. Роз

* * *

РЫЛЫСЫ

истік жарысының кезеңі

гін еселеп артты-
т қамтуындағы
кетке ет, сүт және
ын тапсыру жо-
ай сайын артығы-

еті шаруашылық
өзінің әлеуметтік
індегі міндеттеме-
еге асыруда. Бы-
үйлері және дәрі-
сөңделіп, қажетті
ылды, отынмен
жасындағы бала-
артылып, жалпы-
су заңы жүзеге

қшың селосында-
екшілердің үйлері
ндырылды. Егіс
ермаларында көр-
иттері беріледі,
леді, саяси және
ндамалар жаса-
а.

иалистік жарыс-
олуының сыры
жк Совет атқо-
ымен, активтері-
сап, Советтің қо-
лы ұйымдастыра
колхозшыларды
зметшілерді шар-
ындау жолына
ын отыруында,
ің председателі
мысының өзегі—
жұмысына ерек-
т сессиялары
белгіленген мер-
ашылық және

лық жұмыстары мен мәдени-ағарту жұ-
мыстары ойдағыдай жүргізілуде.

Дегенмен, облысымыздың біршыпыра
ауылдық-селолық Советтері республика-
лық социалистік жарыста алған міндетте-
мелерін орындау күресін тиісті дәрежеде
ұйымдастыра алмай келеді. Өргек (При-
өшім ауданы), Молотов, Аманжолді, Катан-
ович (Совет ауданы), Кустовой (Соколов ау-
даны) ауыл-селолық Советтері еңбекшілер
арасында социалистік жарысты ұйымда-
стыру мен ғана тынды. Буларда төкші-
дықтардың үндеуі формальді түрде ғана
талқыланып, социалистік жарыста қа-
былданған міндеттемелердің жүзеге асы-
рылуы нашар ұйымдастырылды. Егіс
бригадалары мен мал фермаларында көр-
сеткіш тақталары мен жауынгерлік ли-
стоктар ұйымдастырылмайды. Алдыңғы қы-
тарлы ауылшаруашылық қызметкерлерінің
іс тәжірибелері бұқараның игілігіне ай-
ваддырылмайды. Ол-олма, бұл советтерде
селолық Совет атқо-нің мәжілістері мен
сессиялары тіпті ұзақ уақыт шақырылмай-
ды. Осының салдарынан аталған советтер-
дің қамтуындағы колхоздар мен совхоз-
дарда ауылшаруашылық жұмысының ба-
рысы мүлде қанағаттанғысыз болып келе-
ді.

Біршыпыра жерлерде жергілікті Совет-
тердің социалистік жарысының мүлде
қанағаттанғысыз ұйымдастырылуына ең-
бекшілер депутаттарының аудандық Со-
веттері тікелей кінәлі. Өйткені, олар
ауыл-селолық Советтерге социалистік жа-
рысты ұйымдастыру жөнінде нақтылы
басшылық жасап, қолма-қол көмек көр-
сете алмай отыр.

Қазір ауыл-селолық Советтердің социа-
листік жарысының шешуші кезеңі. Жұ-
мыста орын алған кемшіліктерді іс үстінде
түзете отырып, қалған уақыттың ішін-

Қоғамдық мал шаруашылығын бүгін таңдағы талаптарға сай өркендете берейік

Тәжірибелі жылқышы

Халық шаруашылығын онан әрі өркен-
дете беруде жылқы шаруашылығының зор
маңызы бар. Сондықтан да партиямыз
бен үкметіміз қоғамдық жылқы санын
өркендетуге күнбе-күн көңіл бөліп,
зор қамқорлық көрсетіп келеді.

Партиямыз бен үкметіміздің жылқы
өсіру жөніндегі нұсқауларын орындай
отырып, соңғы жылдары облыс жылқы-
шылары жылқы өсіру жөнінде айтарлық-
тай табыстарға жетті. Солардың бірі —
Ұзынкөл совхозының жылқышысы Ғазез
Ташбаев жолдас. Ол 1947 жылдан бері
осы совхозда жылқышы болып істейді.
Содан бері үлгілі жылқышы әр биеде
жылама-жыл бір-бірден құлын алып, олар-
ды түгел үйірге қосып келеді. Осының
нәтижесінде совхозда жылқы құлын
есебімен өсіп отыр.

—1947 жылы совхозда небары 46
жылқы бар еді, — дейді Ташбаев жол-
дас, — ал, бие саны 15-тен аспайтын.
Жылқы санын өсіру үшін жыл сайын
әрбір биеден бір құлын алуды негізгі
мақсат етіп қойдым. Алғашқы жылдың
өзінде 15 биеден 15 құлын алып, оларды
түгел үйірге қостым. Келесі жылы бие
саны 29-ға жетті. Бұл жылы да 29
биеден 29 құлын өсірдім. Осыдан бергі
жылдарда бие сайын бір-бір құлын алып,
оларды шығынсыз өсіру менің дағдым
ісіме айналды. Менің жылқыны болып
істегеніме алты жыл болса, осы мерзім
ішінде 282 құлын алып, оларды шығын-
сыз өсірдім.

Жылқы өсірудегі мұндай табыс өздігі-
нен келген жоқ. Демек, бұл табысқа
жылқыны жылдар бойына тыңғылықты
бүтінде ұстау нәтижесінде ие болдым.
Жылқышы болу — абройлы іс. Әрбір жұ-
мыстың табысты болуы — істі жақсы

жылқышы үшін де өте қауіпті. Осыған
сәйкес мен қысқы жайлымды ауа райы-
ның өзгеруіне қарай пайдаланамын. Бо-
раңды күндері жылқыны ағаш қойнаула-
рында, ықтырмандарда жайып бағамын.
Ал, жай күндері жылқыны мұндай жай-
лымнан дереу айдап, ашық жайлымдарға
бағамын. Мұның екі түрлі пайдасы бар.
Жылқыны бұлай бағу біріншіден, жыл-
қыны күйлі өсіруге мүмкіндік берсе,
екіншіден, төбіндіктерді тиімді пайдала-
нуга, жылқыны шығынсыз өсіруге қо-
лайлы жағдай туғызады.

Айта кететін бір жағдай сол — қысқы
жайлымның оты мол болуы керек. Мұны
біз күнілгері қарастырамыз. Бұл үшін
қысқы жайлымға жаз жылқы бақпаймыз.
Сондықтан, бізде қысқы жайлымның шөбі
әрқашан мол және шүйгін болады. Мұн-
дай төбіндікте бағылған жылқы қыстан
көйлінінше күйлі шығатыны мәлім.

Жылқы бағу жаз да оңайға соқпайды.
Бұл кезде де жылқыны дұрыс баға білу
керек. Ерте көктем — төбіндегі жылқыға
қыйын кезең. Көктемде жылқыны арнау-
лы жайлымдарға бағамыз. «Майбалық»
көлінің төңірегі — жылқының көктемдегі
негізгі жайлымы. Жазғы тұрым жылқы-
ны еналдымен осы жерге жайып баға-
мын. Мұның өзіндік сыры бар. Бұл
көлдің төңірегінің көгі әдетте басқа жай-
лымдардан ерте өсіп жетіледі. Сондықтан
да жылқы оның шөбін сүйсіне жеп, төл
оттайды. Мұнан кейін жылқыны басқа
жайлымдарда бағамын. «Майбалық» көлі
жазында «Сорбалық» көлі бар. Бұл
көлдің суы мен төңірегіндегі оты
жылқыға өте жайлы. Жазғы тұрым жыл-
қыны көгізінен осы екі көл төңірегіне
қажамын. Жаздың алғашқы күндерінен

Қай мезгілде болсын, қандай жайлымда
бағылмасын мен жылқыға зоотехникалық-
мал дәрігерлік байқау жасап отырамын.
Жылқыны шығынсыз өсіруде мұның зор
маңызы бар.

Мақсат — жылқы санын өсіру ғана
емес, мұнымен бірге оның сапасын да
жақсарту. Бұл үшін ғылым мен озат
тәжірибені бір-бірімен тығыз ұштастыра
білу керек. Тек осы жағдайда ғана қо-
ғамдық жылқы шаруашылығын өркенде-
туде айтарлықтай табыстарға жетуге бо-
лады. Мен бұл мәселеге әрқашан жете
назар аударамын. Өткен жылы мен рес-
публика мал өсірушілері делегациясы
құрамында туысқан Кыргыз республика-
сында болып, ондағы мал өсіру жайыма
таныстым. Мен онда әсерге, жылқы
шаруашылығы жайына жете назар ау-
дардым. Осының нәтижесінде жылқы өсіру
жөнінде көрші мал өсірушілерден көп
нәрсе үйрендім. Кыргыз республикасы
жылқышыларының жылқы өсірудегі кей-
бір озат тәжірибелерін өзімнің күнбе-күнгі
жұмысыма мұқият пайдаланып келемін.

Мұның өзі менің жылқы өсіруде жаңа
табыстарға жетуіме қолайлы жағдай ту-
ғызды. Мұны быйылғы жылдың мыса-
лынан айқын көруге болады. Ғылым мен
озат тәжірибені кеңінен қолдана отырып,
өткен 8 ай ішінде жылқы өсіруде айтар-
лықтай табыстарға жеттім. Өткен жыл-
дардағы сыяқты бұл мерзім ішінде де
қарамағымдағы әрбір биеден бір құлын
алып, оларды шығынсыз өсіріп келемін.

Табысқа табыс қосу — совет адамдары-
ның тән қасиеті. Олай болса, жылқы
өсіруде озат тәжірибе мен ғылым табыс-
тарын шебер пайдалана отырып, алдағы
уақытта жылқы өсіруде қазіргіден де
зор табыстарға жетемін. Сөйтіп, партия

мысына белсендіре қатыстырып, соларға сүйеніп жұмыс істеген ауыл-селолық Советтер өздерінің алдында тұрған күрделі міндеттерін ойдағыдай жүзеге асырып келеді. Алайда, Совет ауданындағы Аманкелді ауылдық Советінде істің жайы мүлдем басқа болып отыр. Бұл ауылдық Советтің аткомі депутаттар мен активтегі совет жұмысына белсендіре қатыстырмай, олардан қол үзіп кеткен.

Советте 11 депутат және 29 актив бар. Бірақ, ауылдық Советтің аткомі оларды жұмыстың жауапты учаскторіне бөліп, бұқара арасында ұйымдастырушылық роль атқару міндетін талап етпейді. Демек, депутаттардың жұмысына көмек жасамайды.

Советтің тұрақты комиссиялары алды тұрған саяси-шаруашылық міндеттері жүзеге асыруда зор күш болып саналады. Аманкелді ауылдық Советінің жанында мұндай үш тұрақты комиссия-ауыл шаруашылығы, бюджет және мәдени-тұрмыс жөнінде комиссиялар бар. Не пайда, тұрақты комиссиялардың мүшелері өздеріне тиісті жұмысты орындамай келеді. Бөлек десе, өзара міндет бөлісіп те алмаған. Комиссия мүшелерінің мәжілістері оқта-текте

елітеп, практикалық көмек көрсету мәселесінен мүлдем тысқары қалған.

Мәжілістер мен сессияларды уақытылы шақырып, онда мәселенің кеңінен талқылануын және алынған қаулының мұлтіксіз жүзеге асуын қамтамасыз ету совет жұмысының негізгі буыны. Солай бола тұрса, да бұл советтің сессиялар мен атком мәжілістері уақытылы шақырылмайды. Шақырыла қалған күнде ол сессия мен мәжіліс дайындықсыз, төмен дәрежеде өтеді. Мұнда үстіміздегі жылдың басынан бері небары сессия үш рет, атком мәжілісі 7 рет шақырылған. Совет бойынша «Егін жыйнау мен мал қыстатуға әзірліктің барысы жөнінде» күрделі мәселе қаралған соңғы сессия ешқандай дайындықсыз шақырылды деп айтуға болады. Алынған қаулының өзі жалғызлама жазылып, онда әрбір колхоздағы істің жайы атап көрсетіліп, талдап шешілмеген. Онда кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгіленбеді.

Ауылдық Советте екі оқу үйі бар. Олар да кітап қоры мол. Дойбы, домино, шахмат және музыкалық аспаптар жеткілікті. Демек, бұл оқу үйлерін мәдени-көпшілік жұмыстарының орталығына айналдыруға то-

оқу үйінің міндеті емес деп есептен көрінеді. Оқу үйлерінің жұмысындағы мұндай елеулі кемшіліктер совет аткомінің ел бекшілерге коммунистік тәрбие беру мәселесіне мүлдем басшылық жасамауынан болып отыр деуіміз керек.

Жоғарыда аталған елеулі кемшіліктердің орын алуы салдарынан бұл ауылдық Советте шаруашылық жұмыстардың жайы ойдағыдай болмай отыр. Совет бойынша шөп дайындаудың жоспары тонна есебімен небары 38 процент-ақ орындалды. Осы күнге дейін колхоздарда мал қораларының көпшілігі жөнделі болған жоқ. Мал басын өсіру жоспары текқана жылғыдай орындалды. Мал өнімін дайындау ісінің қарқыны өте баяу.

Ауылдық Советтің жұмысында осындай кемшіліктердің орын алуына аудандық Совет аткомінің тікелей көзделі екендігі атап өтуіміз керек. Аудандық Совет аткомінің ауыл-селолық Советтердің жұмысындағы кемшіліктерге төзімділік жасап, олардың жұмысын жолға қою жөнінде нақтылы шаралар қолданбай келеді. Бұл жағдайға төзуге болмайды.

С. НҰҒМАНОВ,
Совет ауданы.

Алты ауыспалы Қызыл Тулы аудан

Полудень ауданының еңбекшілері соңғы жылдары ауданның экономикасы мен мәдениетін оған әрі оркестетуде елеулі табыстарға жетін келеді. Ол табыстары үшін аудан 6 ауыспалы Қызыл туға ие болды. Міне, сондықтан да аудан еңбекшілері өзінің ауданын алты ауыспалы Қызыл Тулы аудан деп орынды мақтан етеді.

Ауданның колхозшылары мен совхоз жұмысшылары қоғамдық өнімді мал шаруашылығының үш жылдық жоспарын әрбір түлік бойынша толық орындағаны үшін Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын сыйлыққа алды.

Аудан малшылары қол жеткен табыстарын баянды етіп, қоғамдық мал басын көбейтіп, өнімділігін арттыра беруде.

Тоқшым селолық Советі 1951 жылғы ауыл-селолық Советтердің республикалық социалистік жарысында озып шығып, Қазақ ССР Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл Туына ие болды. Тоқшындықтар Туды берік ұстауда. Олар 1952 жылғы жергілікті Советтердің Социалистік жарысын ұйымдастырудың инициаторы болды. Тоқшындықтар өздерінің игілікті бастамасына іспен жауап беруде. Осы жылдың бірінші жартысындағы табыстары Қазақ ССР Министрлер Советінің жуырда жарияланған қаулысында атап көрсетілді.

Осы сыяқты, бйыл аудандық өндіріс комбинаты жоспарды өнімнің түр-түрі бойынша орындап келеді. Өндіріс озаттарының саны көбейді. Бұл мекеменің коллективі өздерінің қажырлы еңбектерімен жарыста облыстық жергілікті өнеркәсіп мекемесінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Мұндай ауыспалы Қызыл туларды мемлекеттік банктің аудандық бөлімі мен аудандық киноландыру және басқа мекемелерден де көруге болады.

Полудень ауданының еңбекшілері Социалистік жарыстың нышаны — ауыспалы Қызыл Туларды берік ұстап, табыстар-табысқа жете беретініне сенім зор.

Б. ЖАПАРОВ.

дайындау жұмыстарымен орындап шұғылданып кеткен. Бұл жайды олар «күш-мүмкіншіліктің жеткіліксіздігінен» деген бөгде себептермен дәлелдегісі келеді. Шынында мұнда күш-мүмкіншілік ұшан-теңіз. Бірақ, олар оны жұмыстың әр саласына шаруашылық есептен пайдалана білмей отыр.

«Совет» колхозында бйылғы өткен қыста көп мал шығынға ұшырады. Жайлыма бағудың нашарлығынан жаз күндері де бірсыпыра мал шығын болды. Мал басының шығын болуы еңалтымен, мал азығының тапшы, әрі құнарсыз болуы және қора жайлардың қолайсыз болуынан деуіміз керек.

Колхоз басшылары мұндай кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, мал азығының берік қорының жасалуын, мал

жаны оудан-нің қорасы оқыйынан таз бөсі жабылмаған шошқа қры тоқтан тлығы бригадас басшылары ізілі уақыт ба салып жүр. Малды қыста аштығушылық әкеліп соғатырып алған е

Мал қыста ағаш» колхозда. Бұл көлх орағы және жаппай басте

Сүт тапсыру жоспарын

Бйыл Конохов ауданындағы «Колос» ауылшаруашылық артелінің мал өсірушілері кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді толық орындап шығу жолында ұйымшылықпен еңбек етіп жүр.

Еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарыс, мал өсірушілер арасында барған сайын күлмш жайып, кең өріс алуда. Осы арқылы олар мал басын шығынсыз өсіріп, одан алынатын өнімді еселеп арттыруға жетініп келеді. Сауыншылар сыйыр саууда зоотехникалық, малдәрігерлік ережелерді шебер пайдалана отырып, сүт дайындауды арттыра түсті. Сауыншылар, әсіресе, кәзір XIX съезд қарсаңында әрбір сауын сыйырлан сүтті бұрынғыдан да көп алып отыр. Олардың қажырлы еңбегінің арқасында колхоз 8 ай ішінде әрбір сауын сыйырлан орта есеппен 1021 литрден сүт алды.

Кәзір колхоз мемлекет есебіне 770 цент кер сүт өткізіп, сүт тапсырудың жылдық жоспарын толық орындап шықты. Колхозшылар бұл күндері 1953 жылдың есебіне сүт тапсыра бастады.

Партияның кезекті XIX съезі ашылатын

күнге дейін румен бірге ондаған цент отыр. Бұл ж мен есара соғайтылған м ірінің бұл м і дан келеді.

Сол сыяқты жылдық рин, Молотов колхоздары д Аталған кол шаруашылығы на табыстары рын белгілеп етуде. Бұлар, уыншылар п не жаппай е Сауыншылар йырларды жа тып, оларды Сүт дайында күндік норм жүр.

ТЫҒЫНЫҢ ҚАРАЛЫҚ АШЫЛУЫ

амдар қатна-
сқан болып
Бонн соғыс
арламенттеріне
гізін отырмыз.
лгияда және
ынғы белсенді
ықтың жеңдет
тан тайдыру
а алуда.

мдерде қарсы-
қатысушылар
рандар және
ыймыл біраігі
п өтті. Мәсе-
тизандарының
бұрынғы май-
е құрбандары-
ның арасында
з қалыптасты.
да да жүзеге
иния мен Фран
қатысушыла-
енуде.

ытындысында
шыл бостан-
мен Испания,
азап шегін
ету күресін
тылы міндег-

халықтар
қаралық феде-
туралы» фе-
д Ковальский
Ол федерация
еті күшейтін
Мәселен, бес
йтшілік Шар-
миллиондаған
йтты. Қарсы-
рынғы қаты-
рыстың құр-
кендердің ұй-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 18 сентябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корея Халық армиясының бөлімдері қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге майдандардың жекелеген учасіткерінде американдық ағылшын интервенттері мен дисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізді деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқылау дүшпанның екі истребительін атын түсіріп, үш истребителін зияндады.

КОЧЖЕДО АРАЛЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ЛАГЕРІНДЕ АМЕРИКАН СОҒЫС ҚҰМАРЛАРЫНЫҢ ЖАҢА АЮАНДЫҒЫ

ПАРИЖ, 18 сентябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Токиодан берген хабарына, кеше Кочжедо аралында американдық басқыншылары корей және қытай соғыс тұтқындарынан 11 адамды жаралағандығы анықталды.

АҚШ-ТА КОММУНИСТЕРДІ ҚУДАЛАУ

НЬЮ-ЙОРК, 18 сентябрь. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігі тілшісінің Вашингтоннан берген хабарына қарағанда, заң министрі Мак Гренери ФБР (Федералдық зерттеу бюросы — американдық Охранкасы, Редакция) Миссури штатындағы коммунистік партия ұйымының төрт басшысын тұтқынға алған. Тұтқындалғандардың ішінде — Сент-Луис (Миссури штаты) Дороти Форест және Джеймс Форест, Чарлстоннан (Миссури штаты) Маркус Марфи және Сент-Луис (Миссури штаты) Уильям Сентнер бар. Ассошиэтед Пресс агенттігі тілшісінің Вашингтоннан берген хабарына қарағанда,

Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының конгресі қарсаңында

ПЕКИН, 15 сентябрь. (СОТА). Қытай газеттері Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының Конгресі анықтар алдында көптеген мақалалар жариялауда. Қоғам қайраткерлері, оқымыстылар, өндіріс озаттары газеттерде жарияланған өздерінің мақалаларында бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік ісін нығайтуға бағытталған бейбітшілікті жақтаушылардың Конгресін қызу құттықтауда.

Әйелдердің Бүкілқытайлық демократияшыл федерациясы председателинің орынбасары Сюй Гуан-пин «Женьминьжибао» газетінде жарияланған өзінің мақаласында «бейбітшілік!» деген сөзден артық қандай қымбатты сөз болуы мүмкін деп жазады. Өзіміздің балаларымызды қорғау үшін және жаңа соғыстың өртен болдырмай тұншықтыру үшін, деп жазады ол. Тынық мұхит және Азия елдеріндегі 1 миллиард 600 миллион халықтың жаншай мүддесі үшін, бүкіл дүние жүзі халық-

тардың бахыты үшін біз бұрынғыдан да бейбітшілікті қорғау ісін батыл түрде жүргізетін боламыз.

Көркемөнер академиясының президенті Сюй Ван-хун Қытай Халық Республикасындағы бейбіт құрылыс жұмысын баяндайды. Халықтың бақыты мен бейбітшілігі үшін, деп жазады автор мақаласында, біз табиғатты өзгертіп жатырмыз. Бізді бейбітшілік майданындағы құрылыс жұмыстарымыз бейбітшіліктің алып күштерін ғана көрсетіп қоймайды, сол сияқты, бейбітшіліктің бұл алып күштерінің күн сайын нығайып келе жатқандығын да көрсетеді.

Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі доктор Мэй Жу-ао халықтардың мүддесі үшін, бейбітшілік үшін жаңа соғысты насихаттауға қарсы күрескерлер мейлінше батыл күрес жүргізуге тиіс деп жазады.

Қытайдың бейбітшілікті қорғау Комитетінің мәлімдемесі және Қытайдың демократиялық партиялары мен қоғам ұйымдарының біріккен мәлімдемесі

ПЕКИН, 18 сентябрь. (СОТА). Американдық агрессорларының Корея мен Қытайға қарсы бактериологиялық соғыс жүргізген фактілерін зерттеудің нәтижелері туралы ғалымдардың халықаралық Комиссиясының материалдар жариялауына байланысты, Қытайдың бейбітшілікті қорғау Комитеті бүгін Пекиннің барлық газеттерінде жарияланған өзінің мәлімдемесінде былай деп көрсетеді: қытай халқы зор жұмысты ойдағыдай орындағаны үшін Комиссияның мүшелеріне шын жүректен алғыс айтады, бұл жұмыстың нәтижесінің тарихи зор маңызы бар.

рессорларының бұдан бұрын жапон қылмыстылары пайдаланған бактериологиялық соғыстың әдістерін пайдаланғанын дәлелдеп берді.

Ғалымдардың халықаралық Комиссиясының турашылдықпен және тыңғылықты жүргізген жұмысының нәтижесінде, теліген мәлімдеменің қорытындысында, американдық империалистерінің корей мен қытай халықтарына қарсы бактериологиялық қаруды қылмысты қолданғанын тағы да қалтқысыз дәлелдеп берді. Сондықтан адамзатты апаттан сақтап қалу үшін дүние жүзінің барлық бейбітшілік сүйгіш

ССЛТУСТІК КОРЕЯДАҒЫ СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫН АМЕРИКАНДАРДЫҢ АЮАНДЫҚПЕН ЖАҢАДАН БОМЕАЛАУЫ

ПЕКИН, 18 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Пхеньяннан берген хабары бойынша, американдық самолеттері 12 сентябрьге қараған түнде Кореядағы Суихэ су электр станциясын қайтадан аюандықпен бөмбалаған.

12 сентябрь күні отыздан артық «В-29» американдық бомбардировщиктері осы электр станцияларын түн ортасынан бастап үш сағат бойы бөмбалаумен болған.

Корея Халық армиясының бас командованиесі 14 сентябрь күні жариялаған мәзі мұндамасына сәйкес, үш американдық самолетін Корея Халық армиясы мен Қытай халық еріктілерінің истребительдері және зениттік артиллериясы атып түсірген.

Ялуцзян өзенінің бойындағы Суихэ су электр станциялары соғыс орны емес екендігі, олар Корея халқының тұрмыс мұқтажына өтеуіне бағытталған бейбіт құрылыстар екендігі бүкіл дүние жүзіне мәлім.

ВЬЕТНАМ ХАЛЫҚ АРМИЯСЫНЫҢ ТАБЫСТАҒЫ

ЛОНДОН, 18 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Сайгоннан берген хабарына Вьетнам Халық армиясының бөлімдері 16 сентябрь күні Туанга жақын жердегі Вьетнамның шығыс жағалауында ұрыс салып жүрген француз соғыс-әуе күштерінің негізгі базасы болып отырған екі пунктті тартып алған.

Бұл екі пункт Туонг-Фуок және Ан-чи — орталық Вьетнамның ірі порты Туаннанан 20—24 шақырым жерде тұрады.

ЛИВАНДА МЕМЛЕКЕТ ТӨҢКЕРІСІ

БЕЙРУТ, 18 сентябрь. (СОТА). 17 сентябрь күні кешке Саиб Салам үкметі орнынан түскен. Ливанның президенті үкметтің орнынан түсуін қабылдап, Ливан

алдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылардың алдағы болатын конгресіне әзірленуге белсене қатысуға шақырды.

Үндеуде былай делінген: ең қымбат көретін адамдарынан, өз балаларынан айырылған аналардың ауыр қайғысын Сіздердің араларыңызда сан миллион аналар басынан кешіруде. Корейнің, Вьетнамның және Малайяның аналары соғыстан туған қайғы мен апатты минут сайын басынан кешіріп отыр. Олардың балалары напалм бомбасымен өртеніп, әуе шабуылдары кезінде бомбаның астында қалып қырылуда. Чума, وبا, сузек және басқа маскара ауруларды тарататын, бұл аурулардан Сіздердің қай-қайсыңыз болса да өз балаларыңызды қорғап қала алмайтын бактериологиялық соғыс тұтас халықтарды құрту хауісі төндіріп отыр.

АҚШ, Австралия, Канада және латын америкасы елдерінің аналары өз балаларын өздерінен айырып әкетуден хауіспенен де. Қаншама аналар көздің өзінде ұлдарынан айырылып, қайғы шегін отыр десеңізші!

Тұтас халықтар аштыққа ұшырауда аштық барған сайын өрши түсуде, ал оның бер жағында орасан көп қаржы мен

шарттар адамдардың мойнына соғыс шығындарының зор ауырталықтарын түсіруде. Халықтар арасында өшпенділікті күшейтетін мұндай жағдай достық пен туысқаңдыққа негізделуге тиісті болашаққа зардабын тигізуі мүмкін. Соғыстан байып отырған адамдардың үркердей тобы ғана жаңа соғыс бастауды көзден отыр. Бірақ, миллиондаған адамдар бейбітшілік те өмір сүруді тілейді.

Әйелдер мен аналар өз балаларын және басқа аналардың балаларын жақсы көреді. Өз балаларыңызды қорғай отырып, Сіздер барлық балаларды қорғайсыздар.

Сіздердің халықтарыңыздың бейбітшілікке ұмтылған талабы Азия мен Тынық мұхит елдеріндегі бейбітшілікті жақтаушылардың конгресінде қуатталады.

Бірлесіп қыймыл жасай отырып, бүкіл дүние жүзінің әйелдері соғыстың жолың бөгей алады, өз балаларының тамаша болашағына жол ашып, олардың хауісіне болуын қамтамасыз етеді.

65 елдің 135 миллион әйелдерінің атынан біз Сіздерді толық қуаттаймыз және бақыт, бейбітшілік және бостандық жалаңындағы күресте әйелдер мен аналардың жеңіске жететініне сенім білдіреміз.

БІР ТҰТАС, БЕЙБІТШІЛІК СҮЙГІШ, ДЕМOKPATИЯШЫЛ ГЕРМАНИЯ ҮШІН ДЮССЕЛЬДОРФТАҒЫ ДЕМОНСТРАЦИЯ

БЕРЛИН, 15 сентябрь. (СОТА). Дюссельдорфта Германиямен бітім договорын жасасуды талап еткен көп мың адам қатысқан демонстрация болды. Демонстрацияға қатысушылар «Делегацияны, қабилдан қана қоймай, онымен дереу келіссөзді бастау керек!» деген ұрандар көтерді.

Демонстрацияға қатысушылар қолдарына фишель ұстап өткеннен кейін митингі болды. Митингіде қала халқына арналған үндеу бірауыздан қабылданды. Онда былай делінген: «Вонн парламентінің барлық депутаттарынан және барлық фрак-

циялардан осы жылы октябрь айында шақырылуға тиіс төрт мемлекеттің кеңесіне қатысуға мүмкіншілік алу үшін алғашқы мәселелерді нақтылы түрде талқылау мақсатымен Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасының делегациясымен келіссөз жүргізуді біз талап етеміз.

Барлық немістердің ортақ тілегін білдіретін жалаңгермандық делегацияны ұлы мемлекеттер танымауға тиісті емес, ал бұл делегация Германиямен бітім договорын тез жасасуға көмектесе алады».

АНГЛИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ЛОНДОН, 17 сентябрь. (СОТА). Баспасөз хабарына қарағанда, 16 сентябрь күні Солтүстік Вуллдждегі (Лондон) «Стандард телефон энд кэйбл лимитед» компаниясы зауыдының 3700-ге жуық жұмысшылары бір цех старостасын завод әкімдерінің жұмыстан шығаруына қарсы наразылық білдіру ретінде ереуіл бастаған. Лондонда «Парк ройял» компанияның автомобиль зауыды жұмысшыларының жаппай митингісінде ереуіл жариялауға ұйғарған еді. Ол ереуіл болғалы 11 апта болды. Ереуілге 1100 жұмысшы қатысып жүр.

ЛИВАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ТӨҢКЕРІСІ ЖӨНІНДЕ

ЛОНДОН, 18 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Бейруттан берген хабарына қарағанда, бүгін орнынан түскен Ливанның президенті Бенгара Эль-Хурм әскери адамдардың күзетімен елін тастап шыққан.

АВСТРАЛИЯДА ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ВСҮІ

СИДНЕЙ, 18 сентябрь. (СОТА). «Сидней Морнинг Геральд» газеті еңбек министрлігінің (ұлттық бағыну мен иммиграция) мәліметіне қарағанда, Австралияда август айының ішінде жұмыссыздардың саны 13247 адам артты деп хабарлайды.

ИРАН СЕНАТЫНЫҢ МӘЖЛІСІ

ПАРИЖ, 17 сентябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Тегераннан берген хабарына қарағанда, 17 сентябрь күні 39 адам қатысқан сенат 39 адамның дауыс беруімен Мосаддыкке сенім білдірген.

тін орындау жөніндегі алғашқы шешу қарар дәм болар деген үмітпен байланыстырады. Неміс халқы делегация қабылданып қана қоймай, сонымен қатар, оның ұсыныстары Халық палатасы мен федералдық парламент өкілдерінің арасындағы талқылауға

лүін бүкілгерманд айналыру үшін ментінің барлық болған жағдайларға біз халықты ш

Ливандағы жаппай ереуіл

БЕЙРУТ, 16 сентябрь. (СОТА). Баспасөз хабарына қарағанда, 15 сентябрь күні жаппай ереуіл жарияланған. Ереуіл Ливанның негізгі қалалары — Бейрут, Триполи, Сайда, Захли және басқа қалаларын қамтыған.

«Телеграф» газеті Бейруттың бірнеше аудандарында демонстрациялар болды деп жазады. Басқа ауданында демонстрация антиимпериалистік сыйпатта болған. Демонстрацияға қатысушылар антиимпериалис-

тік ұрандар жария мәніндегі тәуелсіз жүргізуді талап еткен Бейруттың А болған. Ереуіл әлі тыбрьдегідей, бүгін рінде полиция мериядтары кезіп жүбуы. Үкмет мекекүзетуде.

СИДНЕЙ ТЕҢІЗШІЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

СИДНЕЙ, 16 сентябрь. (СОТА). «Сая» газетінің хабарына қарағанда, Сидней портында тұрған барлық кемелердің теңізшілері жұмыс күнін ұзартып, жалақыны

азайтуды көздеп о арбитраждық сотта арызына қарсы на сағаттық ереуіл ба

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ЖӘНЕ ЖЫЙНАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН С

ЖЫЙНАҚ КАССАЛАРЫ

Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының облигацияларын сатады және сатып алады.

ЗАЕМ БОЙЫНША ЖЫЛ САЙЫН

Негізгі алты ұтыс тиражы және бір қосымша тира өткізіледі.

БЕЛГІЛЕНГЕН ҰТЫС МӨЛШЕРЛЕРІ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ:
100.000 сом, 50.000 сом, 25.000 сом, 10.000 сом, 5 мың сом, 1 мың сом және 400 сом

Кезекті 29—және қосымша 1 ұтыс тираждары 1952 жылғы 30 сентябрьде өткізіледі.

МЕМЛЕКЕТТІК 3 ПРОЦЕНТТІК ІШКІ ҰТЫС ЗАЕМЫНЫҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛЫҢЫЗДАР!

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілі